**Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

# БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән: «Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар»
Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
Курс: 1 курс
Семестр:I семестр
Бақылау түрі: с/сынақ
Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ –72 сағат/3 кредит
Студенттің өзіндік жұмысы:24
Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы:12
Аудиториялық – 8
Симуляциялық – 28

**Шымкент, 2025 ж.**

Бақылау өлшеу құралдары «Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Құрастырушы:_______________ Совет А.Ә.

Хаттама № 1 "27" 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:_______________ Айбекова Г.Н.

**8.1. Пән/модуль бойынша тесттер**

**Аралық бақылау 1**

1. Психологиялық танымды зерттеудің көне әдісі ... деп аталады.
a) байқау
b) социометрия
c) тестілеу
d) анкеталау
e) тәжірибе
2. Психология өзіндік ғылым ретінде ... қалыптасты.
a) 19 ғасырда
b) 12 ғасырда
c) 13 ғасырда
d) 11 ғасырда
e) 20 ғасырда
3. Психиканың бастапқы қызметі:
a) дүние байланыстарын бейнелеу
b) адам іс-әрекетін жоспарлау
c) тұжырымдамалар беру
d) анализдеу
e) синтездеу
4. Психология ғылымының зерттеу объектісі ... болып табылады.
a) адам
b) сана
c) еңбек
d) ойын
e) оқу
5. Психологияның зерттеу пәніне ... жатады.
a) психика мен психикалық құбылыстар
b) ес пен зейін
c) сана
d) ойын
e) ой мен ойлау
6. Жан туралы алғаш трактатты ... жазған.
a) Аристотель
b) Платон
c) Демокрит
d) Гиппократ
e) Сократ
7. Ұжымда немесе топта өзара қарым-қатынасты зерттеуге мүмкіндік беретін психологиялық әдіске ... жатады.
a) социометрия
b) тест
c) анкета
d) сұрау
e) әңгімелеу
8. Адамның даму заңдылықтары мен оның жасампаздық мүмкіндіктерін ... ғылымы зерттейді.

a) әлеуметтану
b) философия
c) педагогика
d) экология
e) психология

9. Әлеуметтік процестерді зерттейтін барша гуманитарлық ғылымдар үшін қажетті деректер негізі:
a) психологияда
b) философияда
c) географияда
d) социологияда
e) логикада

10. Әр адамның өзіндік толғанысы ең алдымен ... көрінеді.
a) түйсік сезімінде
b) моральдық қатынасында
c) іс-әрекетінде
d) ойлау қабілетінде
e) қимыл-қозғалыста

11. Алғашқы адамдардың жан туралы жалпы түсінігі:
a) тәннен бөлек жасайды
b) тәннің ажырамас құбылысы
c) тәнмен бірге сөнеді
d) тәннен уақытша бөлінеді
e) тән жасауы үшін жанның қажеті жоқ

12. Психологияның пәндік аймағының кемелденуімен орайлас бірінші кезеңінің атауы:
a) жан туралы ғылым
b) іс-әрекет жөніндегі ғылым
c) сана туралы ғылым
d) инстроспектік сана тағылымы
e) психологиялық паралеллизм теориясы

13. Декарт тағылымының алған атауы ... деп аталады.
a) дуализм
b) субьективм
c) обьективизм
d) материализм
e) психологиялық паралеллизм

14. Әрекет-қылық психологиясын ғылымға енгізген бағыт ... деп аталады.
a) бихевиоризм
b) фрейдизм
c) гуманизм
d) когнитивизм
e) прагматизм

15. Психиканың бастапқы қызметіне ... жатады.
a) дүние байланыстарын бейнелеу
b) адам іс-әрекетін жоспарлау
c) тұжырымдамалар беру
d) анализдеу
e) синтездеу

16. Психология ғылымының міндеті:
a) психологиялық құбылыстардың обьективті заңдарын ашу
b) ойды субьекті баяндау
c) процестерді сол күйінде суреттеу
d) табиғаттан тыс болмысты деретеу
e) адам дүниесінен тыс жағдайларды зерттеу

17. Психологияны қамтитын ғылымдар тобына ... бағыты жатады.
a) гуманитарлық-жаратылыстану
b) философиялық
c) гуманитарлық
d) философиялық-жаратылыстану
e) жаратылыстану

18. Зерттеу обьектісі адам болып табылатын барша ғылымдардың жетістіктерін біріктіріп, байланыстыратын саласы ... деп аталады.
a) психология
b) кибернетика
c) социология
d) философия
e) биология

19. Оқу процесінде білімінің, ептіліктің, дағдылардың қалыптасу заңдылық- тарын негіздейтін ғылым саласы ... деп аталады.
a) педагогикалық психология
b) салыстырмалы психология
c) еңбек психолоиясы
d) жас ерекшелік психологиясы
e) арнайы психология

20. Дәрігер қызметі мен аурудың мінез-құлқының психологиялық мәселелерін зерттейтін сала ... деп аталады.
a) медициналық психология
b) еңбек психологиясы
c) заң психологиясы
d) салыстырмалы психология
e) әлеуметтік психология

21. Қысқа мерзімі ішінде көп адамнан жаппай сұрау жүргізу ... деп аталады.
a) сауалнама әдісі
b) аутотренинг әдісі
c) тест
d) байқау әдісі
e) сұхбаттасу әдісі

22. Жауап берушінің сөзінен обьективті және субьективті деректер туралы ақпарат алуға ... жатады.
a) сұхбаттасу әдісі
b) бақылау әдісі
c) тәжірибе
d) коррекциялық әдіс
e) социометрия әдісі

23. Гуманистік психологияның мақсаты:
a) адамға жақсылық істеуге ұмтылу

b) гигиена сақтауға ұмтылу
c) күйзеліске түспеуге ұмтылу
d) заңды сақтауға ұмтылу
e) дінді ұстауға ұмтылу

24. Психикалық үдерістердің функциялары:
a) таным үрдістері
b) темперамент және мінез
c) психикалық жағдайлар
d) психикалық қасиеттер
e) шаршау және стресс

25. Сопақша мимен бірге кеңістікте дененің ұстауын,бағыт-бағдарын ... басқарады.
a) ортаңғы ми
b) мишық
c) сопақша ми
d) артқы ми
e) алдыңғы ми

## Аралық бақылау 2

1. Тітіркендіргішке ағзаның кері жауабы ... болып табылады.
a) рефлекс
b) жұлы
c) бас ми
d) анализатор
e) мишық

2. Ұйқы кезіндегі психикалық әрекеттердің ( түс көру,ұйқылы жүру)
a) төркіні ... байқалады.
b) астар санадан
c) ашық санадан
d) инстинкттен
e) дағдыдан
f) табиғаттан тыс күштен

3. Астар сана мен ашық сана бір-бірімен ...
a) өзара кірігіп,байланысып жатады
b) тәуелді байланысып жатады
c) тәуелсіз байланысып жатады
d) ашық сана дербес
e) астар сана дербес

4. Психикалық әрекетті туындатушы органға ... жатады.
a) ми
b) анализатор
c) рецептор
d) жұлын
e) эффектор

5. Психология зерттеулерінің XX ғ. басында дағдарысқа ұшырау себебі ... болды.
a) экономикалық өндіріс талабынан
b) әлеуметтік көзқарастардан
c) мемлекеттік саясаттан

d) діни тиымдардан
e) зерттеу әдістерінен

6. Психологиялық дүниенің қоршаған орта мен тіршілік иесінің икемдесу әрекетінен ажыралуы мүмкін еместігін дәріптеген ғылыми бағыт ... деп аталады.
a) Ч.Дарвиннің эволюционизмі
b) Р.Декарт интроспекциясы
c) Ф.Галль френологиясы
d) И.П.Павлов рефлексологиясы
e) А.Маслоу гуманизмі

7. Генетикалық психологияның зерттеулер аймағына ... жатады.
a) балалар психикасы
b) ересектер психикасы
c) жануарлар әрекет қылығы
d) сана мен әрекет байланысы
e) адам интеллекті

8. Адамдағы тылсым,санадан тыс психикалық факторларды саналы әрекетке тікелей қарсы қоюмен белгілі болған ғылыми бағыт ... деп аталады.
a) фрейдизм
b) когнитивизм
c) прагматизм
d) материализм
e) дуализм

9. Психиканың адамға тән ерекшеліктері мен сананың пайда болуын ғылыми тұрғыдан зерттеуге негіз болған принцип ... деп аталады.
a) іс –әрекеттік
b) эволюциялық
c) детерменистік
d) даму
e) креационзм

10. Педагогикалық үрдісті зерттеуде көп қолданылатын әрі қолайлы әдіске ... жатады.
a) әңгімелесу
b) эксперименттік
c) шығармашылық
d) комплекстік
e) лонгитюд әдісі

11. Барша тіршілік иелерінің қоршаған дүниемен өмірлік байланыстар жасап әрі оларды өз қажетіне орай өзгерте алу қабілетіне ... жатады.
a) белсенділік
b) әрекет
c) инстинкт
d) дағды
e) интеллекет

12. Іс-әрекеттің психологиялық мәні ... болып табылады.
a) жаттанды орындау
b) тума қабілет
c) белсенді жасампаздық
d) дағдылы қайталау
e) нұсқаларға бағыну

13. Іс-әрекеттің жан қабілеттерімен байланысын зерттеуші ғылымға ... жатады.
a) психология
b) физиология
c) логика
d) педагогика
e) дефектология

14. Іс-әрекеттің қалыптасуына себепші факторға ... әсер етеді.
a) қоғамдық тарихи жағдай
b) нәсілдік
c) биологиялық жағдай
d) адамның өз қалауы
e) дағдылану

15. Белгілі жағдайда адамды нақты іс-әрекетке бағыттайтын фактор ... деп аталады.
a) қажеттілік
b) тысқы күш
c) сеп-түрткі
d) мақсат
e) қалау

16. Адамға өз тіршілігін сақтау,қуаттау және ұрпақ жалғасымен байланысты қажеттілік түрі ... болып табылады.
a) табиғи
b) қоғамдық
c) рухани
d) кәсіптік
e) жеке мүдделік

17. Адамның рухани-мәдени сан алуан қажеттіктерінің бір түріне ... жатады.
a) кәсіп
b) қорек
c) баспана
d) ұрпақ жалғасы
e) ұйқы

18. Іс-әрекеттің болашақ нәтижесін күні бұрын идеалды болжауға ... жатады.
a) мақсат белгілеу
b) ниет
c) түрткі
d) қажеттік
e) қызығу

19. Әлі орындалмаған іс-әрекет нәтижесінің санадағы бейнесі ... деп аталады.
a) болжам
b) жоспар
c) ой
d) пікір
e) ұғым

20. Оқу білімді игеру ептіліктің ... тобымен байланысты.

a) танымдық
b) еңбектік
c) құрама техникалық
d) ұйымдастыру-технологиялық
e) қызметтік бақылау

21. Қандай да бір әрекетті қажетсінуден пайда болатын адам қасиетіне ... жатады.

a) әдет
b) ептілік
c) дағды
d) шеберлік
e) талант

22. Адамды алдағы еңбектік қызметке арнайы дайындау мақсатын атқарушы іс-әрекет түріне ... жатады.

a) оқу
b) ойын
c) еңбек
d) әдет
e) дағды

23. Адамдар арасындағы сыйластық пен араздықтан, сенім мен күдіктенуден тұратын қатынас атамасы ... деп аталады.

a) жеке қатынас
b) қоғамдық қатынас
c) топтық қатынас
d) қызметтік қатынас
e) әлеуметтік

24. Азаматтық қасиеттердің тұрақталуына негіз боларлық адамаралық қатынастар жас кезеңі ... болып саналады.

a) орта жас
b) жігіттік шақ
c) балалық шақ
d) жас ауған шақ
e) карттық

25. Әлеуметтік ортаның көңіл-күй үйлесімділігі ... байланысты.

a) өмірлік тәжірибеге
b) кәсіптік дәрежеге
c) ересектер қатынасына
d) бала-шаға жанжалына
e) табиғи факторларға

**8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары**

1. Елестетужәнеоныңтүрлері.
2. Бұрыннан бар тәжірибе негізінде жаңа түсініктер,ойлар мен бейнелер жасауға қатысатын психикалық поцесс.
3. Ойлау формалары.
4. Есжәненазар.
5. Адамның бұрын көрген, естіген,білген нәрселері мен бейнелерін ұзақ уақыт сақтау.
6. Танымдық психикалық үрдістер бұзылысы.
7. Ойлау және сөйлеу. Зерде.

8. Психикалық бұзылыс тұлға үшін қауіпті болып табылады, жағымсыз жайттарға байланысты бұзылыстар мен оның түрлері.
9. Тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған әрекет.
10. Сана-сезім. Сананыңпсихологиялықтұжырымдамасы.
11. Вербальды және вербальды емес қарым – қатынас түрлері.
12. Эмоция.
13. Сана, парықсыздық және санасыздық.
14. Адамның психологиялық ауытқуы.
15. Естің түрлері.
16. Эмоция мен сезімнің функционалдық айырмашылықтары.
17. Күйзеліс туралы ілім
18. Сана бұзылысы.
19. Жігер. Жігерлік үрдістер
20. Қоғамда болып жатқан іс әрекеттерге адамның мінез құлық жауаптары.
21. Адамның өзіне деген ерік күш жігері.
22. Күнделікті қоғамда отбасыда болып жатқан іс әрекеттерге психологияның әлсіреуі.
23. Психосоматика түрлері.
24. Күйзеліс туралы ілім
25. Ерік жігерден тыс болатын процесс.
26. Эмоциялық бұзылыстар туралы жалпы түсінік
27. Сананың бұзылысы.
28. Психологиядағы зерттеу әдістері.
29. Елестету және оның түрлері.
30. Танымдық психикалық үрдістер бұзылысы
31. Дәрігер мен дәрігер арасындағы психологиялық қарым қатынас.
32. Депрессивті және суицидке бейім науқастармен қарым қатынас.
33. Коммуникация түрлері.
34. Мейіргер мен науқас арасындағы қарым-қатынас.
35. Қоғамда болып жатқан іс әрекеттерге адамның мінез құлық жауаптары.
36. АҚТБ-ВИЧ, ЖҚТБ-СПИД, жұқтырған науқастармент қарым қатынас
37. Мейіргер мен науқас арасындағы қарым қатынас.
38. Қоғамда болып жатқан іс әрекеттерге адамның мінез құлық жауаптары.
39. АҚТБ-ВИЧ, ЖҚТБ-СПИД, жұқтырған науқастармент қарым қатынас.
40. Наркологиялықауруы бар науқастарменқарым-қатынас.
41. Ойлау және зерде.
42. Сана мен санасыздық.
43. Алкогольгесалынғаннауқастарменқарым-қатынас.
44. Адамның психологиялықауытқуы.
45. Ерікжігерден тысболатынпроцесстер.
46. Жыныстықпроблемалары бар науқастарменқарым-қатынас.
47. Мейіргер мен науқастың туыскандары арасындағы қарым қатынас.
48. Кәсіби этика мен деонтоголия.
49. Психикаға жағымсыз жайттардан туындайтын бұзылыстар мен оның түрлері.
50. Мейіргер мен науқастың туыскандары арасындағы қарым-қатынас.
51. Депрессия түрлері.
52. Депрессивті және суицидке бейім науқастармен қарым-қатынас.
53. Аналогиялық және индукциялық ойлау формалары.
54. Жалпылау мен нақтылау.
55. Тіл, сөйлеудің сипаттамалары, қызметтері.

56. Интеллект ұғымы.
57. Қабілеттілік түрлері.
58. Психология ғылымының қалыптасуы.
59. Зерделік пен парасаттылықтың бұзылуы.
60. Галлюцинация мен псевдогаллюцинация.
61. Вербальді иллюзия ұғымы.
62. Дәрігер мен мейіргер арасындағы қарым-қатынас.
63. Тұлғаның шындықты жалпылама және жанама бейнелеуге бағытталған әрекет.
64. Б.В.Зейгарник бойынша ойлау қабілетінің бұзылуы.
65. Деменция және оның түрлері.
66. Дж. Уотсон көрсеткен мінез-құлық бірліктері.
67. Адамның детерминистік негіздерінің концепциясы.
68. Тұрмыстық психология ұғымы.
69. Эмпириялық психологияның негізі.
70. Сана құрылымы
71. Психология терминінің пайда болуы.
72. Эмоция мен сезімнің айырмашылықтары.
73. Психика дамуының жалпы заңдылықтарының мәні.
74. Күйзелістік жағдайлардың алдын алу.
75. Жігер бұзылысы туралы жалпы түсінік.
76. Психологияның мәні.
77. Қоғам мен адам арасында туындайтын жағымсыз қарым қатынастың басты мақсаттары мен міндеттері, шешу жолдары.
78. Психология алдында тұрған теориялық және тәжірибелік міндеттер.
79. Психологиядағызерттеуәдістері.
80. Екіқарсытараптыңарасындатуындағанконфликткебайланыстыонышешуәдістері.
81. Психологияның жеке ғылым салаларымен байланысы.
82. Сезінужәнеоныңжолдары.
83. Ерік ұғымы.
84. Зейін түрлері.
85. Қабылдау түсінігі.
86. Қабылдаудың түрлері.
87. Естің түрлері.
88. Елестету.
89. Науқас пен медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас.
90. Зейіннің негізгі қасиеттері.

**8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.**

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық

аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық - рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

**№1 кесте**

**Рейтинг шкаласы**

| Әріптік баға жүйесі | Сандық эквивлент | Баллдар (%-дыққөрсеткіш) | Дәстүрліжүйебойыншабағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағатсыз |
| Бағалау критерилері | ***Өте жақсы «А»:*** Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда<br>***Жақсы «В+» - «С+»:*** Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда<br>***Қанағаттанарлық «С» - «D»:*** Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда<br>***Қанағатсыз «F»*:** Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда | | |

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (x 40%)Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

**Тапсыру мерзімі:** Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсын аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.